

### 2021-2022 оқу жылындағы Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебінің 3 «Б» сынып оқушыларымен жыл бойы жүргізілген тәрбие жұмысына талдау.

Жыл басында тәрбие жоспары, ата-анамен жұмыс жоспары құрылып, бекітілді. Жолда журу ережелері, қосымша бағдарлама тақырыптары камтылды. Тоқсан бойы тәрбие сағаттары жоспар бойынша өткізілді.

1 қыркүйек күні «Тәуелсіздік жетістіктері» атты тәрбие сағаты болып өтті. Алғашқы оқу жылында 20 оқушы болып бастадық. Әлеуметтік педагогпен бірлесе отырып, сыныптың әлеуметтік жағдайы анықталды. Алғашқы сынып сағатында сынып белсенділері сайланды. Оқушыларды мектеп, оқушы ережесімен таныстырдым.

Жыл қорытындысы бойынша 3б сыныбын 20 оқушы болып аяқтадық. Биылғы оқу жылында тәрбие жұмысының жоспарын 8 бағыт бойынша жасадым. Барлық 20 оқушының 12 қыз, 8 ұл.

Сыныпты жалпы зерттегенде сыныпта белсенді бірнеше оқушылар бар. Сыныптағы оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынасы өте жақсы, қалыпты. Сыныптың топ басшысы Ернарұлы және бірнеше сынып белсенділері бар. Үздік оқитын оқушылар: Ернарұлы Мұстафа, Жаңбырбаева Фатима, Жаулыбаева Аягүлханым, Қыдырбек Кәусар, Тынымбай Дініслам, Серік Нұрхан, Сансызбай Кәусар, Тұрарбек Нұржан. Сыныптың рухани-психологиялық ауа-райы, оқушылардың қарым-қатынастық мінезі – қыз балалар өзара да, ер балалармен де сыпайы қарым-қатынаста. Қыз балалар сынып ішінде шешім қабылдағанда басымдылық көрсетеді.

Сынып оқушылары аудандық спорт мектебіне және шығармашылық орталығындағы түрлі үйірмелерге қатысады. Оқушылар апталықтарда, мектептің түрлі іс-шараларында қатысып, белсенділік таныта білді.

Мектеп шараларында сынып оқушыларының қатысуға қызығушылығы бар, белсенділік көрсете білді. Ы.Алтынсариннің 180 жылдығына орай бастауыш сынып оқушыларының арасында ұйымдастырылған «Кел балалар оқылық» мәнерлеп оқу сайысына сыныбымыздан Тынымбай Дініслам қатысып үшінші орын иеленді. Дене шынықтыру бірлестігінің апталығы аясында 3 сыныптар арасында эстафеталық сайыс өтті. Сайыс 5 кезеңнен тұрды. Сынып оқушылары белсенділік танытып, кубок алды.

Сыныптың рухани-психологиялық ауа-райы, оқушылардың қарым-қатынастық мінезі - қыз балалар өзара да, ер балалармен де сыпайы қарым-қатынаста. Қыз балалар сынып ішінде шешім қабылдағанда басымдылық көрсетеді. Сынып оқушылары аудандық спорт мектебіне және шығармашылық орталығындағы түрлі үйірмелерге қатысады. Оқушылар апталықтарда, мектептің түрлі іс-шараларында қатысып, белсенділік таныта білді. Мектеп шараларында сынып оқушыларының қатысуға қызығушылығы бар, белсенділік көрсете білді.

Оқушылардың көркем-эстетикалық, еңбек және шығармашылық таным деңгейі, сынып кабинетінің тазалығын ұстау, мектеп формасын кию, сынып кезекшілігін жауапкершілікпен атқаруда, сенбілік жұмыстарын жүргізуде олардың еңбек, көркем – эстетикалық деңгейін өте жақсы деп бағалауға болады.

Оқушылардың әлеуметтік-мәдени өзгерісінің дамуына мектепте өтетін іс-шараларға қатысады.

Оқушы ата-аналарының сыныптың тәрбиелік қызметіне әсері бар. Сыныптағы ер балалар мен қыз балалардың қарым-қатынасының қалыптасуында кемшіліктерді жоюға, болдырмауға, тәрбие туралы әңгіме өткізуге ата-аналар да ат салысты. . Барлық тәрбие сағаттарының мақсаты оқушыларды адамгершілікке, инабаттылыққа, сауатты, елін қорғайтын адал азамат болып өсуіне тәрбиелеу. Алдағы уақытта да түрлі бағыттарда тәрбие жұмыстарын жүргізіп, жұмыстанамын.

Класс жетекші:

Э.Калиева